



EGEMEN QAZAQSTAN

## Абайтанудың жаңа кезеңіне жол ашады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Egemen Qazaqstan» газетінде ұлы ақын, дана ойшыл, қазақтың жаңа тарихи дәуірдегі реалистік жазба әдебиетінің атасы Абай Құнанбайұлы жайлы «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты көлемді мақаласы жарыққа шықты. Абайды әлемге танытқан М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттері мақаладан өз бойларына рухани азық алды.



Президент өз мақаласында: «Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында қоғамдық сананы қайта түлетудің маңыздылығы туралы айтты. Ұлттық сананы сақтау және оны заман талабына бейімдеу мемлекеттік маңызы бар мәселеге айналды. Өйткені сананы жаңғырту арқылы ХХІ ғасырда еліміздің тың серпінмен дамуына жол ашамыз», деді.

Расымен де, қазақ халқының ұлт ұстазы Абай (Ибраһим) өз халқымен бірге жасап келе жатыр. Асыл сөз өлмейді. Асыл сөз айта алған адам да, асылы өлмек емес. Кезінде Абайдың шығармашылық өмірін құнттап, кейінгі ұрпақ үшін алтын сандыққа салып, аманат қып, беріп кеткен М.Әуезов өзінің атағы әлемге жайылған «Абай жолы» роман-эпопеясында: «Алтын терек, арсыға құлаш ұрған ардақты азамат, сен өлмейсің! Еліңнің жалғыз жан, ең соңғы ұлы ма, қызы ма, ең кейінгі нәсілі бірде-бір жан болса, соның да кеудесінде сенің атың бірге кетеді. Сенің тірлігің бірге жасайды, сенің нұрың бірге жарқырайды! Алдың жарқын, өзің солай сеніп ең... Ана жұртың сені өлді демейді...» деген болатын.

Мемлекет басшысы мақалада азаматтарға, әсіресе жастарға мемлекетін қастерлеудің мән-маңызын түсіндіру қажет екенін, осы ретте тағы да Абайдың мұрасына зейін қойған абзал екеніне ерекше тоқталып өтті.

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетіндегі абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлы жетекшілік ететін «Мұхтартану» ғылыми-зерттеу орталығы М.Әуезовтің мұражай үйіндегі Мүрсейіт қолжазбасына сүйеніп, қазақ әдебиеті тарихында тұңғыш рет Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасының транскрипциясын жасап шықты. Бұл Абайтану тарихында үлкен орын алар ғылыми жаңалық деп білемін. Біз осы кезге дейін аталмыш шығарманың түпнұсқасын оқымай, қазіргі қазақ тіліндегі аудармасын оқып келгенбіз. Себебі Мүрсейіт қолжазбасынан бері қарай Абайдың «Китаб тасдиқ» шығармасының түпнұсқасы қазақ оқырманына жетпеген. Ақиқатында, Абай «Китаб тасдиқ» шығармасын шағатай тілінде жазған. Шағатай тілі әр кезде мұсылман-түрки, яки қадымша, яки китаби тіл деп аталып келген. Қазақтың әдеби тілін түрлендірген Абай тек «Китаб тасдиқ» туындысын осылай өзгеше тілмен жазған. Себебі «Китаб тасдиқ» – көркем шығарма емес, ғылыми еңбек яки трактат. Ал шағатай – бүкіл түрік жұрты мың жыл бойы қолданған ғылыми һәм әдеби ортақ тіл. Ол стилмен кезінде Жүсіп Баласағұни, Қожа Ахмет Ясауи, Насреддин Рабғузи, Сәйф Сарай, Қадырғали Жайлайырилар жазды. «Китаб тасдиқ» – осы күнге дейін бағы ашылмай келе жатқан туынды. Оның бағы ашылуы үшін ең әуелі оның түпнұсқасы жариялануы керек еді. Түпнұсқасыз мәтінтану ісі толыққанды бола алмайды. Түпнұсқа сонау баяғы архив сөрелеріндегі Мүрсейіт қолжазбасының ішінде шаң басып, жетімсіреп жатқан еді. Содан бері шығарма А.Байтұрсынұлының жаңаша араб әліпбиімен де, кейінгі латын һәм кирилл алфавитімен де жарыққа шықпай, елеусіз боп қалған болатын. Ал біз оқып жүрген қазақша тәржіма мәтінге өз аты қойылмай, осы күнге дейін «38 қара сөз» деп аталып келген еді. Енді Абайдың ең басты шығармасына өз атын беріп, өзі жазған түпнұсқа тілде ел-жұртқа жеткізу керек, бұл ұлы данышпанның 175 жылдық мерейтойы қарсаңында баға жетпес зор сыйлық болар еді деп ойлаймыз. Мемлекет басшысы мақаласында айтқандай Абай хакім бүгінгі біздің де шын мәнінде «өлмес, өшпес тұрғыласымыз» екені анық.

**Дария Қожамжарова, М.Әуезов атындағы ОҚМУ ректоры, ҰҒА академигі**  
**Шымкент**